

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар Кеңесі
БЕКІТКЕН
«01» наурыз 2024 жылғы
№13/24 хаттамасы

ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ., 2024 ж.

МАЗМҰНЫ:

1. Жалпы ережелер
2. Сақтандыру объектісі
3. Сақтандыру жағдайы
4. Сақтандыруға жатпайтын жағдайлар және сақтандыруды шектеу. Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері
5. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі. Франшиза
6. Сақтандыру сыйлықақыларын анықтау тәртібі
7. Шартты жасасу тәртібі
8. Шарттың әрекет ету мерзімі және орны
9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
10. Сақтандыру төлемін жасау туралы мәселені қарастыру үшін қажетті құжаттар
11. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарауы
12. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі және шарттары
13. Суброгация
14. Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар
15. Шартты тоқтату ережесі
16. Тараптардың жауапкершілігі
17. Дауларды шешу тәртібі
18. Қосымша ережелер

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ережелер «жалпы сақтандыру» саласындағы «жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру» сақтандыру класына сәйкес дайындалды.
- 1.2. Осы Ережелерге сәйкес «Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталып, әрекетке қабілетті жеке (азаматтығына байланысты емес) және занды (меншік түріне байланысты емес) тұлғамен жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасады.
- 1.3. Осы Ережелерде келесі ұғымдар қолданылады:
 - 1) **Сақтандырушы** – «Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
 - 2) **Сақтанушы** – Сақтанушымен Шарт жасасқан кәмелет жасқа толған жеке немесе занды тұлға.
 - 3) **Сақтандырылған** – сақтандыру жасалатын әрекетке қабілетті жеке тұлға. Осы Ережелерге сәйкес Сақтанушы бір уақытта Сақтандырылуши тұлға (сақтандыруға қабылданатын тұлғалардың жас мөлшері Шарт ережелерімен айқындалады). Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылуши болып табылады, егер Шартпен өзгеше көзделмесе;
 - 4) **Пайда алушы** – Шарт бойынша сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Сақтанушы бір мезгілде Пайда алушы болып табылады егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе.
 - 5) **Сақтандыру жағдайы** – Шартпен көзделген, орын алған кезде Сақтандырушыда Сақтанушыға сақтандыру төлемін жасау міндепті пайда болатын, оның орын алу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілері болатын оқиға;
 - 6) **Сақтандыру сомасы** – Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасауға міндептеннегі мөлшердегі ақша сомасы. Сақтандыру сомасы сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзіміндегі сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылады.
 - 7) **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушы Сақтандырушыға соңғы аталғаның Пайда алушыға сақтандыру төлемін Шартпен белгіленген мөлшерде жасау міндептемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндепті ақша сомасы.
 - 8) **Сақтандыру төлемі** – Сақтандырушымен Пайда алушыға сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру сомасы шегінде төленетін ақша сомасы;
 - 9) **Өлім** – Шарт бойынша сақтандыру қорғанысы әрекет ететін мерзімде жазатайым оқиғамен себепті-салдар байланысы бар Сақтандырылғаның биологиялық өлімі.
 - 10) **Жазатайым оқиға** – адам еркінен тыс, Шарттың әрекет ету мерзімінде Сақтандырушының ағзасына сыртқы механикалық, электр, химиялық немесе термиялық әсердің нәтижесіндегі кенеттен болған, қысқа мерзімді оқиға, атап айтқанда: электр тогының әсері, найзағайдың соғуы, күн соққысы, қасқундердің және/немесе жануарлардың шабуылы, жылан, жәндіктердің шағуы, қандай да бір заттың немесе Сақтанушының өзі құлауы, жарылыс, күйік, үсік шалу, суға бату, бөгде дененің тыныс алу жолдарына кездейсоқ түсін нәтижесінде кенеттен тұншығу, улы өсімдіктермен, химиялық заттармен (өнеркәсіптік немесе тұрмыстық), дәрілік заттармен, сапасыз тамақ өнімдерімен кездейсоқ қатты улану, сондай-ақ көлік құралдары қозғалысы кезінде немесе олар құлаған кезде, машиналарды, механизмдерді пайдаланған кезде, ал сақтанушының денсаулығына зиян келтіруге, мертігуге не өліміне әкеп

соққан қару мен түрлі құралдардың түрлері. Жедел, созылмалы және тұқым қуалайтын аурулардың кез келген түрі, өзге де кенеттен болатын зақымданулар **жазатайым оқиғаларға жатпайды**.

- 11) **Сақтандыру аумағы** – сақтандыру обьектісіне қатысты сақтандыру қорғанысы әрекет ететін шекте, Шартта көрсетілетін аумақ.
 - 12) **Еңбекке қабілеттіліктен айырылу** – бұзушылық қосымша іс-әрекеттерді жүзеге асыру мүмкін болмайтында, кәсіптік еңбек қабілетін немесе жалпы қабілетін жоғалтуға әкеп соғуы мүмкін ағзаның функционалдық бұзылуы. Жұмыс қабілетінің жоғалуы уақытша және тұрақты деп бөлінеді.
Еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылған жағдайда қабілетті жоғалту уақытша және қайтымды сипатта болады, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес күндердің шектеулі санына еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ беріледі.
Еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айырылған кезде қабілеттілікті жоғалту тұрақты және қайтымсыз сипатта болады, уәкілетті органның мүгедектікті және оның тобын айқындау туралы құжаты беріледі.
Мүгедектікке әкеп соқпаған еңбекке қабілеттілігінен айрылу қабілеттілікті жоғалту тұрақты және қайтымды сипатта болады, уәкілетті органның еңбекке қабілеттілігінен айрылу пайызын айқындау туралы құжаты беріледі.
 - 13) **Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі үйым (бұдан әрі - үйым)** - акционерлік қоғам үйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі коммерциялық емес үйым. Үйым “Сақтандыру қызметі туралы” Заңның және сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңдарының негізінде сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері, қайта сақтандыру, бірлесіп сақтандыру, бірлескен қайта сақтандыру дерекқорын қалыптастырады және жүргізеді.
- 1.4. Сақтанушы Шарт жасасу кезінде Шарт бойынша сақтандыру төлемдерін алу үшін кез келген тұлғаны (Пайда алушыны) тағайындауға, сондай-ақ бұл туралы Сақтандырушыны жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру жағдайы басталғанға дейін, пайда алушыны Шарт талаптары бойынша ауыстыруға тығым салынған жағдайларды қоспағанда, Пайда алушының жазбаша келісімінсіз оны өз қалауы бойынша ауыстыруға құқылы.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ

- 2.1. Сақтандыру обьектісі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жазатайым оқиғаның нәтижесінде Сақтандырылуши тұлғаның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге, оның өліміне, еңбекке қабілетінің жойылуына (толық немесе ішінана), (жалпы немесе кәсіби) немесе сақтандырылушиның денсаулығына өзге зиян келуіне байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушиның) мүліктік мұдделері болып табылады.
- 2.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасау бойынша міндеттемесі Сақтанушымен Шарттың әрекет еткен мерзімінде және Шартта аталған аумағында орын алған осы Ережелердің 3.1-тармағында аталған сақтандыру жағдайларына ғана таралады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 3.1. Сақтандыру жағдайы деп Шарт бойынша сақтандыру мерзімінде және сақтандыру аумағында жазатайым оқиға нәтижесінде орын алған келесі оқиғалар танылады. Сақтандыру жағдайлары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құзыретті мемлекеттік органдар (үәкілетті органдар, сот, медициналық мекемелер және т.б.) берген құжаттармен расталуға тиіс.
- 3.2. Сақтандыру жағдайлары деп келесі танылады:
 - 1) Жазатайым оқиғаның нәтижесінде орын алған сақтандырылуышының өлімі;
 - 2) Сақтандырылуышыға жазатайым оқиға нәтижесінде «мүгедек бала» санатын белгілеу;
 - 3) Сақтандырылуышыға жазатайым оқиға нәтижесінде уақытша еңбекке қаблетсіздігін белгілеу;
 - 4) Сақтандырылуышыға жазатайым оқиға нәтижесінде топ анықтап, мүгедектігін белгілеу;
 - 5) Сақтандырылуышыға мүгедектікті белгілеуге әкеп соқпайтын еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін (жалпы немесе көсіптік) белгілеу;
 - 6) жазатайым оқиға нәтижесінде туындаған жарақат (мертігу).
- 3.3. Сақтандыру тәуекелдерінің (сақтандыру жағдайларының) нақты тізімі тараптардың келісімімен Шартта көрсетіледі.
- 3.4. Сақтандыру жағдайының орын алғанын, сонымен қатар келтірілген зиянның мөлшерін Сақтанушы (Сақтандырылған) және (немесе) Пайда алушы Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі 817-бабының 4-тармағына сәйкес дәлелдеуі тиіс.

4. САҚТАНДЫРУҒА ЖАТПАЙТЫҢ ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 4.1. Егер Шартта өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру қорғанысының әрекеті кезінде келесі орын алғанда, Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру төлемін жасаудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылышы:
 - 1) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының (Сақтандырылуышының) сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
 - 2) Сақтанушы (Сақтандырылуышы) сақтандыру жағдайының басталуымен тікелей себепті байланыста болатын қасақана қылмыс жасаған жағдайда;
 - 3) Сақтанушының (Сақтандырылуышының) және (немесе) Пайда алушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған, қате мәліметтерді хабарлауы;
 - 4) Осы Ережелерде немесе Шартта белгіленген сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етпеу/уақтылы хабардар етпеу. Осы Ережелерде және (немесе) Шартта көрсетілген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар ету дерегі (сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетімен (мүмкіндігімен) тікелей байланысты.

- Тиісінше Тараптар осы Ережелерде немесе шартта белгіленген мерзімде Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туралы хабардар етпеуі / уақытылы хабардар етпеуі соңғысын сақтандыру төлемін жүзеге асыру мүмкіндігінен айыратынын және бұл сақтандыру жағдайы басталған кезде қосымша дәлелдемелерді талап етпейтінін түсінеді және осымен растайды;
- 5) Сақтанушының (Пайда алушының/Сақтандырылушиның) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергең-тексеруіне және оған келтірілген зиянның/залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;
 - 6) Сақтанушының (Сақтандырылушиның) өмірі мен денсаулығына ықтимал зиянды азайту үшін оған ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамау;
 - 7) Сақтанушының (Сақтандырылушиның) сақтандыру жағдайының орын алуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының Сақтанушысына өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
 - 8) Шартта көзделген өзге де жағдайларда.
- 4.2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемі денсаулыққа немесе өмірге тікелей не жанама нәтиже болып табылған зиян келтірілген жағдайда жасалмайды:
- 1) соғыс қимылдары (соғыс жарияланғанына/жарияланбағанына қарамастан), азамат соғысы, көтеріліс, революция, бүлік, терроризм, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер);
 - 2) радиоактивті ластануға, ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың, иондаушы сәулеленудің әсеріне байланысты;
 - 3) Сақтанушының (Сақтандырылушиның) өзіне-өзі қол жұмсауы немесе өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері немесе қасақана дene мүшесін зақымдау, оның ішінде естен айырылу, жан күйзелісі, ақыл-есінің кемдігі, есі кіресілі-шығасылық, аффект жағдайында, оның ішінде дәрігердің жазып бермеген дәрілік құралдармен туындаған күйі..
 - 4) кез-келген аурулар мен олардың салдары, олар қалай пайда болса да немесе қалай аталса да;
 - 5) жазатайым оқиға кезінде Сақтанушы (Сақтандырылуши) алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масандық күйінде немесе психотроптық немесе күшті әсер ететін құралдардың әсерінде болған кезде;
 - 6) Сақтанушының (Сақтандырылушиның) этанолмен, алкогольдік ішімдіктермен, күшті әсер ететін (оның ішінде есірткілік) препараттармен улануы, психотроптық заттарды қолдану, егер олар дәрігердің нұсқамасынсыз қабылданса, сондай-ақ мас болу мақсатында қабылданған уытты заттармен, сондай-ақ белгісіз (белгіленбебеген) умен/затпен улану;
 - 7) невроздар, психоневроздар, психопатиялар, психоздар, психикалық немесе эмоционалдық бұзылулар немесе психикалық ауру (маниакалды-депрессиялық жай-куйді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей);

- 8) жазатайым оқиғамен себеп-салдарлық байланысы болмаса, өлім немесе денсаулыққа кез келген зияны үшін;
 - 9) Кез келген кенеттен және болжанбаған дене жарақаты немесе кез келген органның ауыруы, егер бұған сақтандыру кезеңі басталатын күнге дейін болған денсаулыққа келтірілген зиянмен, физикалық ақаулармен, тіндердің қайта жаңару процестерімен немесе физикалық кемшіліктермен асқынған болса (қаралып отырған жағдайда сақтандыру кезеңі басталатын күнге дейін болған денсаулыққа келтірілген зиян, физикалық ақаулар, тіндердің қайта жаңару процестері немесе физикалық кемшіліктер дегеніміз сақтандыру кезеңі басталғанға дейін болған, дәрігермен расталған аурулар. Осындай диагноз қойылмаған жағдайда, дәрігердің пікірі бойынша Сақтанушы (Сақтандырылуши) сақтандыру кезеңі басталғанға дейін білуі тиіс жағдайлар танылады).
 - ✓ Сақтанушының (Сақтандырылушиның) кәсіптік немесе өуесқойлық спорттың кез келген түрімен, белсенді демалыс түрімен айналысуы немесе қатысуы, спорт элементтері бар іс-шараларға/оын-сауықтарға қатысуы, дельтапланеризммен, парашютпен спортпен, авиациялық спорт/оын-сауық түрлерімен, альпинизммен, спелеологиямен, тыныс алу аппараттарын пайдалана отырып су астында жүзумен, тау шаңғысы спортмен/оын-сауықпен айналысуы, серфинг, аң аулау, атқа міну, велосипедпен жүргізу, мотоцикл, мопед және / немесе скутер (су мотоциклі) жүргізу;
- 11) Сақтандырылушиның жүргізуші немесе қатысушы ретінде авто-, мото-, веложарыстарға немесе жарыстарға қатысуы

Егер жоғарыда аталған спорттық тәуекелдер сақтандыру шартын жасасқан кезде қосымша ескерілмеген болса.

- 4.3. Егер сақтандыру кезінде Сақтандырылушиға қатысты мүгедектік тобы, мүгедектік тағайындалмай еңбек ету қабілетінен айрылу түрінде белгіленгені немесе кәсіптік ауру диагнозы қойылғаны анықталса, Сақтандырушы шарт жасасудан босатылады. Егер Сақтандырылушида сақтандыру кезінде кейіннен мүгедектікке әкеп соқтыруы мүмкін, бірақ ол өтініште көрсетпеген ауыр жарақаттар болғаны анықталса, Сақтандырушы Сақтанушының/Сақтандырылушиның тарапынан көрінеу жалған ақпарат берілгені туралы медициналық дәлелдемелер ұсынылған жағдайда, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

- 5.1. Сақтандыру сомасының мөлшері Шартта тараптардың келісіүі бойынша көрсетіледі.
- 5.2. Шартпен жауапкершіліктің ортақ көлемі белгіленуі мүмкін, бұл жағдайда Шарт бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы осы белгіленген көлемнен аспауы керек – сақтандыру жағдайының әр түрі бойынша әр сақтандырылған немесе сақтандырылғандар тобы бойынша жауапкершіліктің шекті мәнінен аспауы керек.
- 5.3. Сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін сәйкес Сақтанушыға (Сақтандырылушиға) қатысты сақтандыру сомасы осы төлемнің шамасына азаяды. Сақтандыру сомасын азайту сақтандыру төлемін жасаған күннен бастап жасалады.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері (тариф) түрлі белгілерге байланысты: сақтандырылғандардың жасы, көсібі (орындалатын жұмыс түрі), сақтандырылғандардың саны, тәуекелдерге ұшырау дәрежесі (Сақтанушының сақтандыру жағдайларының статистикасы), сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу тәуекелінің дәрежесіне әсер ететін өзге де факторлар.
- 6.2. Сақтандыру сыйлықақылары әртүрлі сақтандыру бағдарламалары (сақтандыру өнімдері) бойынша әртүрлі болуы мүмкін. Айырмашылығы сақтандыру жағдайларының тізбесіне, сақтандыру мерзіміне, сақтандыру аумағына байланысты болады, кез келген жағдайда шарт бойынша сыйлықақы мөлшері тараптардың әрбір сақтандыру объектісі бойынша жеке-жеке немесе тұтастай Шарт бойынша (сақтандыруға қабылданатын тәуекел біртекті болған кезде) сақтандыру өтінішінде берілген деректерге сәйкес айқындалады.
- 6.3. Сақтандыру сыйлықақысы жеке тұлғалар (Сақтанушылар) бойынша біржолғы төлеммен және заңды Сақтанушылар бойынша қолма-қол ақшасыз төлеммен бір мезгілде не Шартта айқындалатын тәртіппен Сақтандырушының банктік шотына мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеуге жатады. Сақтандыру сыйлықақысының сомасы Шартта абсолюттік мөлшерде ұлттық валютада белгіленеді.
- 6.4. Сақтандыру қорғанысының қолданылуы Сақтандырушының банктік шотына сақтандыру сыйлықақысы (бірінші сақтандыру жарнасы) немесе Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақша түскен кезден бастап келесі күні басталады.

7. ШАРТТЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Осы Ережелер Сақтанушы бір жақты тәртіппен әзірлеген осы сақтандыру Ережелеріне Сақтанушының қосылуы (қосылу шарты) және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы Сақтанушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен күәландырылған жазбаша нысанда, электрондық нысанда шарт жасасуды көздейді.
- 7.2. Шарт Сақтанушы толтырған, оның ажырамас бөлігі болып табылатын сақтандыруға арналған өтініштің негізінде жасалады. Сақтандырушы өтініш-сауламаның түрін өзгертуге құқылы. Өтініште Сақтанушы Сақтандырушы қойған мәселелерге сәйкес нақты және толық мәліметтерді көрсетуге міндettі.
- 7.3. Шарт жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзіне белгілі, сақтандыру тәуекелін бағалау үшін елеулі мәні бар барлық мән-жайлар туралы хабарлауға міндettі.
- 7.4. Сақтандырушының талабы бойынша өтінішке Сақтандырушының және барлық сақтандырылған тұлғалардың жеке басын күәландыратын құжаттардың көшірмелері қоса берілуі тиіс, Сақтанушы өтініште жалған мәліметтер көрсеткен жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
- 7.5. Сақтандырушы Шарт жасасу үшін Сақтанушыдан сақтандыру тәуекелін сипаттайтын қосымша құжаттар мен ақпарат талап етуі мүмкін.
- 7.6. Сақтанушы Сақтандырушының жазбаша сұрау салуларына жауаптарды қоса алғанда, Шарт жасасу үшін берілген деректердің анықтығы мен толықтығы үшін жауапты болады.

7.7. Сақтандыруши себебін түсіндірмesten Saқтанушымен Шарт жасасудан бас тартуға құқылышы.

8. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

- 8.1. Шарт минималды мерзім – 3 күнге, максималды мерзім - 12 айға жасалады және сақтандыру сыйлықақысын төлеген күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді. Сақтандыру сыйлықақысын төлеуі күніне Сақтандырушиның банктік шотына немесе кассасына ақша түскен күн саналады.
- 8.2. Егер Шартпен өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзімі Шарттың әрекет ету мерзімімен бірдей болады.
- 8.3. Егер Шартпен өзгеше көзделмесе, Шарт өз әрекетін Шартта Шарттың аяқталу күні ретінде аталған күні 24 сағатта 00 минутта тоқтатады.
- 8.4. Сақтандыру аумағы Қазақстан Республикасы немесе немесе бүкіл әлем (соғыс елдерін қоспағанда) болып табылады, егер Шартта өзгеше көрсетілмесе.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

9.1. Сақтандыруши құқылышы:

- 1) Сақтанушы (Сақтандырылуши) ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сонымен қатар Сақтанушының (Сақтандырылушиның) Шарт талаптары мен ережелерін орындаудың тексеруге;
- 2) сақтандыру тәуекелін бағалауға;
- 3) сақтандыру тәуекелін арттыратын мән-жайлар туралы хабарламалар алған кезде Шарт ережелеріне өзгерістер енгізуі немесе тәуекелдің артына мөлшерлес сақтандыру сыйлықақыға толықтыруды жоюды талап етуге;
- 4) Сақтанушы Сақтандырушиға Шартты жасасу кезінде тәуекелдер туралы жалған деректерді хабарлаған кезде Шартты бұзуды талап етуге, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелін арттыруға айтартықтай әсер етсе, немесе егер Сақтанушы Шарт ережелеріне өзгерістер енгізуге немесе тәуекел дәрежесінің артына мөлшерлер сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсы болса;
- 5) Сақтандыру жағдайының белгілірі бар себептер мен оқиғаның мән-жайларын өздігінен анықтауға, соның ішінде сәйкес мемлекеттік органдар мен үйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының орын алу дерегін және келтірілген зиянның мөлшерін растаушы құжаттарды сұратуға;
- 6) Сақтанушыдан (Сақтандырылушидан) сақтандыру жағдайының дерегін, оның пайда болу мән-жайын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
- 7) Осы Ережелерде және Шартта көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жасаудан толық немесе ішінара бас тартуға;
- 8) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс қимыл туралы заңнаманы орындау мақсатында Шарт аясында ақшамен және (немесе) мүлікпен жүргізілетін операцияларды тоқтатуға\ бас тартуға.
- 9) осы Ережелермен немесе Шартпен немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген басқа әрекеттерді жасауға.

9.2. Сақтандыруши міндетті:

- 1) Сақтанушыны осы Ережелермен таныстыруға және оның талабымен осы Ережелердің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);
- 2) Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 3) Сақтандыру жағдайы орын алғанда Шартпен және (немесе) осы Ережелермен белгіленген мәлшерде, тәртіpte және мерзімде сақтандыру төлемін жасауға;
- 4) Сақтанушыға және Пайда алушыға осы Ережелерге және (немесе) Шарт ережелеріне сәйкес сақтандыру төлемін жасаудан жазбаша дәлелді бас тарту хатын жолдауға;
- 5) Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін олар жұмсаған шығындарды өтеуге;
- 6) Сақтанушы (Сақтандырылуышы) немесе жәбірленуші (Пайда алушы) немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін орындау үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, құжаттардың жетіспеу дерегі анықталған кезден бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға;
- 7) Осы Ережелерде немесе Шартта немесе Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттер жасауға.

9.3. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан осы Ережелер және Шарт бойынша сақтандыру жағдайларын, өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Шарттың түпнұсқасын жоғалтқан жағдайда оның төлнұсқасын алуға;
- 3) Сақтандыру құпиясына;
- 4) Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 5) Сақтандыру сыйлықақысының өзгеруіне мәлшерлес сақтандыру тәуекелін өзгертуге;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуын немесе оның мәлшерін азайтуын даулауға;
- 7) Осы Ережелерде немесе Шартпен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.

9.4. Сақтанушы міндетті:

- 1) Шарт жасасқан кезде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының Шарт жасасу туралы шешімді қабылдауы үшін маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 2) Шартпен белгіленген мәлшерде, тәртіpte және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 3) Шарттың әрекет ету мерзімінде, оған сақтандыру тәуекелінің жағдайындағы өзгерістер туралы белгілі болған кезден бастап шұғыл, бірақ 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) Сақтандыру жағдайынан болған шығындардың алдын алу немесе азайту бойынша шаралар қабылдауға;
- 5) Сақтандырылушыларды Ережелермен және Шарт ережелерімен таныстыруға;
- 6) Шарт ережелерін орындауға (Сақтандыру шартының ережелерін Сақтандырылушылардың бұзуы Сақтандыру шартының ережелерін Сақтанушының өзі бұзған деп есептеледі);
- 7) Тәуекел дәрежесі артқан кезде Сақтанушы Сақтандырушыдан Шартқа өзгерістер енгізу және (немесе) сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеу туралы хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шартқа өзгерістер енгізуге және/немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

- 8) Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасындағы талаптарды орындау үшін қажетті барлық сұралған құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 9) Осы Ережелермен және/немесе Шартпен және Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамасымен көзделген басқа әрекеттерді жасауға.

9.5. Сақтанушы/Сақтандырылған сақтандыру жағдайы орын алғанда:

- 1) егер Шартта өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру оқиғасы басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыға жазбаша өтініш (жеделхат, телефонограмма, электрондық хабар) жібере отырып, хабардар етуге міндетті.
- 2) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мәлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін өзінде бар барлық ақпаратты беруге (алайда Сақтандырушының сақтандыру жағдайының мән-жайларын анықтау жөніндегі іс-әрекеті сақтандыру төлемін алу құқығын тану үшін негіз болып табылмайды);
- 3) ықтимал залалдардың алдын алу немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қабылдауға;
- 4) болған оқиға туралы құзыретті органдарға дереу хабарлауға міндетті;
- 5) Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын анықтауға жәрдемдесуге, оның ішінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мәлшері туралы соттауға мүмкіндік беретін оған қолжетімді барлық ақпарат пен құжаттаманы беруге;
- 6) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалдарды үшінші тұлғалардан алғаны, қандай да бір өтегені (өтемақысы) туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндетті;
- 7) егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушының да, Сақтанушының да мұдделерін қорғау үшін өз өкілін тағайындауды қажет деп тапқан жағдайда – аталған сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға осындай мұдделерді қорғау үшін сенімхат немесе өзге де қажетті құжаттар беруге құқылы. Сақтандырушы сақтанушының мұдделерін сотта білдіруге немесе сақтандыру жағдайының басталуына байланысты сақтанушының құқықтық қорғалуын өзгеше түрде жүзеге асыруға құқылы, бірақ міндетті емес;
- 8) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу ауыртпалығын көтеруге, оның ішінде сараптама жүргізу ақысын төлеуге, сарапшылардың оқиға орнына баруына, мамандарды тартуға және консультациялауға, қажетті құжаттарды жинауға және т. б.;
- 9) шартта, осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді орындауға міндетті.
- 10) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғага талап қою құқығының ауысуын қамтамасыз етуге міндетті.
- 11) осы тармақта көрсетілген міндеттер Шартта өзгеріліуі немесе толықтырылуы мүмкін.

9.6. Пайда алушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, осы Ережелер мен Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қоюға;
- 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ережелерде және Шартта көзделген тәртіппен және шарттарда сақтандыру төлемін алуға;

- 4) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;
 - 5) осы Ережелерде немесе Шартта немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға құқылы.
- 9.7. Осы бөлім тараптарының құқықтары мен міндеттерінің тізбесі толық болып табылмайды, Тараптардың жекелеген міндеттері осы Ережелердің басқа бөлімдерінде көзделген және Шартта толықтырылуы/кеңейтілуі/қысқартылуы / өзгерілуі мүмкін.

10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНИ ҚАРАУ ҮШІН ҚАЖЕТТИ ҚҰЖАТТАР

- 10.1. Сақтандыру төлемі туралы мәселені қарau үшін Сақтанушы/Пайда алушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:
 - 1) Пайда алушының банктік деректемелері көрсетілген сақтандыру төлемі туралы өтініш;
 - 2) Шарттың көшірмесін;
 - 3) сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары, күні, себептері және Сақтандырушыға тиісті шешім қабылдау үшін қажетті өзге де деректер көрсетіле отырып, сақтандыру жағдайының басталуы туралы мәлімдеме;
 - 4) Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамаға және Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес клиентке тиісті тексеру жүргізуге мүмкіндік беретін құжаттың көшірмесін;
 - 5) Өлім жағдайында: қайтыс болу туралы медициналық қорытындының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері, қайтыс болу себебін көрсете отырып, уәкілетті органның қайтыс болу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі, патологиялық-анатомиялық ашу хаттамасының көшірмесі (егер ашу жүргілмеген жағдайда-туысының ашудан бас тарту туралы өтінішінің көшірмесі, қайтыс болу туралы куәлік берілетін патологиялық-анатомиялық отельден анықтаманың көшірмесі);;
 - 6) Сақтандырылушының мүгедектігі белгіленген жағдайда: мүгедектікті белгілеу туралы МӘСК анықтамасының көшірмесі;
 - 7) мүгедектікті белгілеуге әкеп соқпайтын Сақтандырылушыға еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі (жалпы немесе кесіптік) айқындалған жағдайда-еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындау туралы МӘСК анықтамасының көшірмелері;
 - 8) Сақтандырылушыға еңбекке уақытша жарамсыздық анықталған кезде-еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтамалардың көшірмелері;
 - 9) Сақтандырылушы жарақат алған кезде: травматологиялық пункттен анықтама; айғақтар болған кезде рентгенологиялық сурет;
 - 10)
 - 11) Өндірістегі жазатайым оқиға туралы актінің көшірмесі Н-1 нысаны (өндірістегі жарақат кезінде);
 - 12) Өндірістегі жазатайым оқиғаны арнайы зерттеу актісінің көшірмесі;
 - 13) Қайтыс болғаны туралы дәрігердің берген куәлігінің көшірмесі немесе қатыс болудың нақты себебі көрсетілген қайтыс болғаны туралы анықтама;

- 14) уәкілетті органдардан мүгедектік беруге негіз болған нақты диагнозды көрсете отырып, еңбекке қабілеттілігінен айырылу, мүгедектік тобын беру туралы анықтаманың нотариалды күеландырылған көшірмелері;
- 15) медициналық мекеменің мәрімен, емдеуші дәрігердің, бөлімше меңгерушісінің және медициналық мекеменің бас дәрігерінің қолдары қойылған еңбекке жарамсыздық параптарты (еңбекке жарамсыздық параптарты);
- 16) медициналық мекеменің мәрімен, емдеуші дәрігердің, бөлімше меңгерушісінің және медициналық мекеменің бас дәрігерінің қолдары қойылған, жазатайым оқиға нәтижесінде денсаулықтың жоғалу дәрежесін, жарақат салдарынан денсаулыққа келтірілу дәрежесін растайтын медициналық мекемеден берілген құжаттар (қабылдау бөлімшесінің травматологиялық пунктінен алынған анықтамалар, ауру тарихынан үзінді көшірмелер және т. б.);
- 17) уәкілетті тұлға күеландырылған және тиісті медициналық мекеменің мәрімен бекітілген амбулаториялық картаны, ауру тарихын не көрсетілген құжаттардан үзінді көшірмелерді;
- 18) жазатайым оқиғаның басталу фактісін растайтын уәкілетті органдар құжаттарының көшірмелері (ішкі істер, прокуратура, тергеу, анықтау органдарының; сот органдарының; өрт қадағалау органдарының құжаттары)
- 19) жазатайым оқиға кезінде Сақтандырылғанның қанында алкогольдің, есірткінің, есірткінің, психотроптық немесе күшті әсер ететін құралдардың жоқ екенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 20) сақтанушы қайтыс болған жағдайда пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттар (мұраға құқық туралы күелік);
- 21) қорғаншыға / қамқоршыға Пайда алушыға тиесілі мүлікке билік етуге келісім беру туралы берілген қорғаншылық және қамқоршылық органдарының анықтамасы (егер Пайда алушы кәмелетке толмаған не әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі адам болса).

Егер жазатайым оқиға жол-көлік оқиғасы (әрі қарай - ЖКО), өрт, үшінші тұлғалардың шабуылы кезінде орын алса, онда жоғарыда аталған тізбеге қосымша тиісті уәкілетті органдардан, ішкі істер органдарынан, анықтау бөлімдерінен, өрт қадағалау органдарынан, сот және басқа да құқық қорғау органдарынан мынадай құжаттар ұсынылуға тиіс:

1. оқиға туралы уәкілетті органдардың хаттамасы;
2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы (болған жағдайда);
3. ЖКО схемасы;
4. оқиға туралы хаттамаға толықтыру;
5. оқиғаның қатысушылары мен күәгерлерінің түсініктемелері;
6. зардап шеккен Сақтандырылуышыны медициналық күеландыру хаттамалары;
7. Занды күшіне енген сот шешімі;
8. залалды бағалау жөніндегі уәкілетті органдардың шешімдері (сараптамалық қорытындылар);

Қажет болған жағдайда Сақтандырушы
Сақтанушының/Сақтандырылуушының медициналық мекемеде медициналық күеландырудан өтуін талап етуге құқылы, бұл ретте шығыстарды төлеу Сақтандырушының есебінен жүргізіледі.

10.2. Ұсынылған құжаттарды жасау тәртібі мен нысаны, егер олар үшін бұл көзделген болса, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келуге тиіс. Егер Ережелерде / Шартта өзге жағдай көзделмесе, құжаттар Сақтандырушуға түпнұсқада не нотариалды күеландырылған немесе түпнұсқа мәрмен расталған және құзыретті ұйымның уәкілетті адамы қол қойған көшірме түрінде ұсынылады.

10.3. Қажет болған жағдайда Сақтандыруши сақтандыру жағдайына байланысты құжаттар мен мәліметтерді құқық қорғау органдарынан және сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайлары туралы ақпараты бар басқа ұйымдардан сұратуға құқылды, сондай-ақ сақтандыру оқиғасының себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылды.

10.4 Құжаттардың нақты тізбесі Сақтандыру шартында айқындалады

11. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕҢІ ҚАРАУЫ

11.1 Сақтанушы (Сақтандырушуши, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залалдың мәлшерін растау үшін ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Сақтандыруши мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асырады:

- 1) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
- 2) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады
- 3) сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

11.2 Сақтандыруши сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе осы Ережелерде көрсетілген шарттарда тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.

11.3 Сақтандырушуның сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі, егер ұсынылған құжаттардан болған оқиғаның мән-жайын, осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мәлшерін, Сақтанушының (Сақтандырушуши, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындауды анықтау мүмкін болмаған жағдайда қабылданады.

11.4 Өз кезегінде Сақтандырушуның шешімінде көрсетілген мән-жайларды анықтау мүмкін еместігі Сақтандырушуға Сақтандыру ережелерінің нормаларын, Сақтандыру шартының талаптарын/осы Ережелерге қосымшаларды ескере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру не жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді.

11.5 Бұл жағдайда Сақтандыруши өз шешімінде болған оқиғаның нақты қандай мән-жайларын және/немесе осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мәлшерін, Сақтанушының (Сақтандырушуши, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындау фактілерін белгілеуге болмайды және Сақтанушы (Сақтандырушуши, Пайда алушы) қандай іс-әрекеттер жасауы тиіс екенін көрсетуге тиіс.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ

12.1. Сақтанушыдан сақтандыру төлемін жасау туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сонымен қатар құжаттар тізімін алғаннан кейін Сақтандыруши сақтандыру төлемі туралы мәселені қарастырады.

12.2 Егер Шартпен өзгеше көзделмесе, сақтандыру жағдайы орын алған кезде Шарт бойынша сақтандыру төлемі сақтандыру сомасынан пайызбен есептелген бұрын жасалған сақтандыру төлемдерін шегергеннен кейін жасалады:

- ✓ өлім – сақтандыру сомасының 100 % (денені репатриациясы бойынша шығындар кіруі немесе кірмеуі мүмкін);
- ✓ мүгедек бала – 80%;
- ✓ 1-ші топтағы мүгедектік – 80%;
- ✓ 2-ші топтағы мүгедектік – 60%;
- ✓ 3-ші топтағы мүгедектік – 40%;
- ✓ Егер Шарттың талаптарында өзгеше көзделмесе, еңбекке жарамсыздық парағының әрбір күні үшін 30 күннен аспайтын мерзімге 1 АЕК (сақтандыру төлемі күніне), бірақ сақтандыру сомасының 20% - наң аспайды;
- ✓ еңбек ету қабілетінен айрылуға әкеп соққан (жалпы немесе көсіптік) мүгедектік белгілеуге әкеп соқпаған жарақаттар кезінде төлем сақтандыру сомасының 10% - ы мөлшерінде жүзеге асырылады;
- ✓ жарақаттар (мертігулер) кезінде шығындарды есептеудің өзге нысаны қолданылуы мүмкін.
- ✓ Кез келген жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері және сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы сақтандыру сомасынан жоғары болмайды. Шартта сақтандыру төлемдерінің өзге мөлшері белгіленуі мүмкін. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиғаның нәтижесінде Сақтанушының денсаулық жағдайы нашарласа (неғұрлым жоғары топтың қайтыс болуы не мүгедектігі басталса), онда Сақтандырушы Пайда алушыдан келіп түскен өтініштің негізінде Шартта белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемінің сомасына қайта есептеу жүргізеді және бұрын жүргізілген төлемдерді есепке ала отырып, айырма төлемін жасайды, бірақ Шарт бойынша белгіленген сақтандыру сомасының шегінде жүзеге асырады.
- ✓ Сақтандыру төлемі ұлттық валюта – теңгемен жасалады.
- ✓ Егер шартта өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы мәлімделген сақтандыру оқиғасы бойынша қажетті құжаттарды алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күн ішінде сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы тиісті шешім қабылдайды. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін жазбаша түрде негіздейді.
- ✓ Егер Шартта өзгеше көзделмесе, мәлімделген оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану туралы шешім қабылдау кезінде Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылданғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей не тараптардың келісімінде айқындалған мерзімде жүзеге асырады. Сонымен бірге мәлімделген сақтандыру оқиғасы бойынша қосымша құжаттарды және (немесе) мәліметтерді алу қажет болған жағдайда сақтандыру төлемінің мерзімі 3 ай мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін; мәлімделген сақтандыру оқиғасының мән-жайлары туралы ақпаратқа қанық құқық қорғау органдарына және басқа да ұйымдарға жүгіну қажет болған жағдайда; сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заннаманы сақтау мақсатында жүргізіледі.

- 12.3 Сақтандыру төлемі Пайда алушы сақтандыру төлемін алудан жазбаша бас тартқаннан кейін Сақтанушыға (Пайда алушы болып табылмайтын) жасауы мүмкін.
- 12.4. Сақтандыру жағдайларын қарау тәртібі Сақтандырушы, Сақтанушы (Сақтандырылуши, Пайда алушы) мен дерекқорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арасында электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы жазбаша нысандада, электрондық нысандада жүзеге асырылады.
- 12.5. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен Сақтандырушы, Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылуши, Пайда алушы) арасындағы электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

13. СУБРОГАЦИЯ

- 13.1. Сақтандыру төлемін жасайтын Сақтандырушыға Сақтанушы сақтандыру нәтижесінде өтелген шығындар үшін жауапты тұлғадан талап етуге құқығы төленген сома мөлшерінде ауысады.
- 13.2. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- 13.3. Сақтандырушыға ауысқан талап ету құқығы, тіпті бұл Шартта тікелей белгіленбесе де, Сақтандырушының қалауы бойынша іске асырылады.
- 13.4. Егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының кінәсінен осы құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігін жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

14. ШАРТҚА ЕҢГІЗІЛЕТИН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

- 14.1. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тараптардың өзара келісімімен, Тараптардың бірімен жазбаша мәлімдеме (хабарлама) беру негізінде жасалады.
- 14.2. Тараптардың бірі мәлімдеме алған кезден бастап шешім қабылдау кезіне дейін Шарт бұрынғы ережелерге сәйкес әрекет етеді.
- 14.3. Осы Ережелерге сәйкес жасалатын Шартқа жасалатын өзгерістер мен толықтырулар Шартқа қосымша келісім жасау және оған қол қою жолымен рәсімделеді.
- 14.4. Шартқа жасалатын барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша түрде рәсімделгенде және екі Тараптың да уәкілетті өкілдері қосымша келісімге қол қойған кезде заңдылық күшке ие болады.
- 14.5. Сақтандырылушиларды алып тастау / қосу / автоауыстыру кезінде Сақтанушы себебін көрсете отырып, Сақтандырушының шартына осындаї өзгерістер енгізілгенге дейін 1 (бір) жұмыс күні бұрын хабарлайды (қызметкерді жұмыстан босату/жаңа қызметкерді қабылдау), алып тасталатын Сақтандырылушиға қатысты Шарттың әрекеті жұмыстан босату туралы хабарлама алғаннан кейін келесі күні тоқтатылады. Шартқа келісімде көрсетілген жаңа Сақтандырылушиларға қатысты сақтандыру қорғанысының қолданылуы тараптар келісімге қол қойған және егер ол келісімде есептелген болса, қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеген

күннен кейін күшіне енеді. Жаңа Сақтандырылушыларды қабылдау негізгі шарттың қолданылу мерзімінен аспайтын мерзімге жүзеге асырылады.

14.6. Осындай өзгерістер кезінде сыйлықақыны есептеудің негізгі қағидалары Шартта көрсетіледі.

14.7. 12 айдан кем мерзімге сақтандырған жағдайда сақтандыру сыйлықақыларын есептеудің келесі кестесі қолданылады:

Сақтандыру мерзімі (сақтандырылған бойынша сақтандырудың нақты күндер саны)	Бір Сақтандырылғанға Шарт бойынша есептелген жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызben есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері
Айға 1 дейін (30 күн)	20%
Айға 2 дейін (60 күн)	30%
Айға 3 дейін (90 күн)	40%
Айға 4 дейін (120 күн)	45%
Айға 5 дейін (150 күн)	50%
Айға 6 дейін (180 күн)	60%
Айға 7 дейін (210 күн)	65%
Айға 8 дейін (250 күн)	70%
Айға 9 дейін (280 күн)	80%
Айға 10 дейін (30 күн)	90%
Айға 11 дейін (330 күн)	95%
Айға 12 дейін (365 күн)	100%

14.8 Өзіне қатысты сақтандыру төлемдері жүргізілмеген Сақтандырылушылар тізімінен алып тастаған кезде басқа жаңадан қабылданған Сқтандырылушыға ауыстыру жүзеге асырылуы мүмкін немесе Сақтандырушының төленген жылдық сақтандыру сыйлықақысының 25% мөлшерінде шартты жүргізгені үшін шеккен әкімшілік шығыстарын шегергенде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтару жүзеге асырылуы мүмкін. Қайтару сомасын есептеу Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткен уақытына барабар ұстап қалу сомасын шегергенде жүзеге асырылады.

14.9 Шарттың өтіп кеткен мерзімі күнтізбелік айларға бара-бар айқындалады, бұл ретте толық емес ай толық болып есептеледі.

14.10 Ауыстыру жүргізілген жаңа сақтандырылушыға қатысты алып тасталған Сақтандырылушыға қатысты қолданылған сақтандыру бағдарламасы қолданылады.

15. ШАРТТЫ ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕСІ

15.1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген Шартты мерзімінен бұрын тоқтату негіздерден басқа кезде Шарт келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда кезекті сақтандыру жарнасын төлемегенде;
- 2) Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталса;
- 3) Сақтанушының бастамасымен Шарттан бас тартылса;
- 4) Сақтандырушының бастамасымен Шарттан бас тартылса;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда.

15.2. Осы Ережелердің 15.1-тармағының 1) – 5) тармақшаларында аталған негіздер бойынша Шартты тоқтатқан жағдайда Сақтандырушыға төленген

сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатады, егер Шартта өзге жағдай көзделмесе.

- 15.3 Сақтануши-жеке тұлға Сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, ол жасалған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде Сақтандырушы алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін шегергенде сақтандыру қолданылған уақытқа және сақтандыру шартын бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) он пайызынан аспайтын шығындарға барабар көлемде Сақтануши-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.
- 15.4 Сақтануши-жеке тұлға қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін орындауды себебінен қарыз шартына байланысты сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, Сақтандырушы алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін шегергенде сақтандыру қолданылған уақытқа және сақтандыру шартын бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) он пайызынан аспайтын шығындарға барабар көлемде Сақтануши-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

16. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 16.1. Сақтандыру төлемін уақытылы жасамаған жағдайда Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабымен белгіленген төртіпте және мөлшерде Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 16.2. Шарт бойынша міндеттемені орындаамаған немесе тиісті орындаамаған Тарап міндеттемелерді орындаамағаны/тиісті орындаамағаны үшін мүліктік жауапкершілік артпайды, егер тиісті орындау еңсерілмейтін күш мән-жайларының, яғни төтенше және ырық бермейтін жағдайлар салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе.
- 16.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары келесілерден тұрады, бірақ олармен шектелмейді: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа сұрапыл апаттар, соғыстар немесе кез келген сипаттағы әскери әрекеттер, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымы. Форс-мажорлық жағдайлардың нақты тізімі Шартта қарастырылуы мүмкін.
- 16.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекетіне тап болған тарап осындағы жағдайлардың орын алғаны туралы басқа тарапқа 3 (үш) жұмыс күн ішінде хабарлауға міндетті, егер Шартта өзгеше көзделмесе.
- 16.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсері құзыретті органдардың сәйкес құжаттарымен расталуы тиіс.
- 16.6. Осы бөлімде көзелген тараптардың жауапкершілігі Шарттың ережелеріне сәйкес өзгеріліуі (толықтырылуы) мүмкін.

17. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 17.1. Шарттан немесе оған байланысты туындаитын кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі
- 17.2. Даулар туындаған кезде Тараптар дауды реттеудің сотқа дейінгі мынадай тәртібін сақтауға міндетті:

- дау туындаған жағдайда Тарап екінші Тарапқа жазбаша шағыммен жүгінуге және талапқа жауап алуға міндettі. Егер Тарап шағымда баяндалған талаптарды қанағаттандырудан бас тартса немесе талап алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде шағымға жазбаша жауап бермесе немесе шағымды ішінара немесе толық мойындағанын күөландыратын әрекеттер жасамаса, Тарап сақтандыру омбудсманына дауды шешу туралы өтінішпен жүгінеді. Сақтандыру омбудсманының дауды мәні бойынша шешуі дауды реттеудің сотқа дейінгі кезеңін сақтаудың міндettі кезеңі болып табылады. Бұл ретте Сақтанушы (Сақтандырылуши, Пайда алушы) үшін сақтандыру омбудсменінің шешімін орындау міндettі емес.
 - сақтандыру төлемінің мөлшеріне дауласуға қатысты дау туындаған жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылуши, Пайда алушы) сақтандыру төлемінің дауланбайтын бөлігін алуға міндettі, содан кейін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген әрекеттерді жасайды.
- 17.3. Келісімге қол жеткізілмеген және дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болмаған кезде тараптар Алматы қаласы Медеу ауданының сотына (егер даудың бір тарабы жеке тұлға болса немесе) немесе Алматы қаласының мамандандырылған ауданараптық экономикалық сотына (егер дау заңды тұлғалар немесе дара кәсіпкерлер арасында болса) талап-арызбен жүгінеді, яғни шарттық соттылық белгіленеді.
- 17.4. Осы Сақтандыру ережелері мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) данада жасалды және оған қол қойылды. Мемлекеттік тілде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұны орыс тілінде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұнына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, Тараптар орыс тілінде жасалған Осы Ережелер мәтініне сүйенеді.

18. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

- 18.1 Осы Ережелер Директорлар Кеңесі бекіткен кезден бастап әрекет етеді.
- 18.2 Осы Ережелермен қарастырылмағанның бәрі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
- 18.3 Тараптардың келісімімен жасалатын Шартқа ерекше талаптар қосылуы мүмкін (сақтандыру түсініктері, анықтамалар, ерекшеліктер және т.с.с.), егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе.